

Күршім ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Қағидасын бекіту туралы

Күшіні жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 29-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 08 қарашада N 5-14-139 тіркелді. Күші жойылды - Күршім аудандық мәслихатының 2012 жылғы 08 маусымдағы N 3-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Күршім аудандық мәслихатының 2012.06.08 N 3-2 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына сәйкес Күршім аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Күршім ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Қағидасы» бекітілсін (қ о с ы м ш а) .

2. Осы шешім ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Аубакиров

мәслихаттың хатшысы

*Күршім аудандық
Қ. Әбілмәжінов*

Аудандық

2011

№ 29-7 шешіміне қосымша

жылғы

мәслихаттың

30-қыркүйектегі

**Күршім ауданында иттер мен мысықтарды ұстау
ҚАҒИДАСЫ**

1. Жалпы ережелер

Осы Қағида Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес әзірленген.

1. Осы Қағида аудан аумағындағы иттері және мысықтары бар бұдан әрі мәтін бойынша «Иелер» деп аталатын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2. Иттері және мысықтары бар иелер санитарлық - гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық нормаларды және оларды ұстау Қағидасын осы жануарлардың жалпы қолданыстағы орындарды қоса алғанда ластауына жол бермеуді, сондай-ақ адамдар қауіпсіздігін, тыныштықты міндетті түрде қамтамасыз етуді сақтауға міндетті.

3. 2 тармақта көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайда рұқсат етіледі:

1) жеке үйлерде қоршалған аумақтарда иттерді ұстауға, иттің бар екендігі туралы кірер есікте ескертпе жазба болуы тиіс;

2) санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қызметтердің рұқсатымен балалар және жасөспірімдер мекемелеріндегі «зообұрыштарда», «тірі табиғат бұрыштарында» иттерді, мысықтарды ұстауға;

3) мекемелер мен ұйымдардағы күзетші иттерді байлауда немесе торларда ұстауға;

4) тиым салатын жазбалар болмаған жағдайда иесінің тұмылдырық кигізген және қысқа қарғыбауға байлаған итімен мекемелерге, азық-түліктік емес дүкендерге, поштаға баруына.

4. Иттер мен мысықтарды көліктерде тасымалдау жолаушылардың мазасын алмайтын жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс. Бұл кезде жануарлар немесе тұмылдырықтанған, немесе арнайы торларда, сөмкелерде болуы тиіс.

5. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, кіші саябақтарда және басқа жерлерде) байлаулы қалтырылғандарынан басқа иесіз жүрген иттер қаңғыбас иттер деп саналып аулап және жоюға жатады. Қараусыз қалған иттер мен мысықтарды ұстап алып жою Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

2. Иттер мен мысықтар иелерінің міндеттері

6. Жануарлардың иелері тиіс:

- 1) жануарларды үнемі егіп отыруды жүргізуге;
- 2) иттердің, мысықтардың тістеген, жарақаттаған жағдайлары туралы дәрігерлік, ветеринарлық мекемелерге жедел хабарлауға;
- 3) адамдар мен жануарларды тістеген немесе оларды жарақаттаған иттер мен мысықтарды тексеру үшін және қажетті іс-шараларды өткізу үшін ветеринарлық мекемелерге жедел жеткізуге;
- 4) иттерді қысқа қарғыбаумен, ірі иттерді - тұмылдырықпен көшеден өтуге;
- 5) қолданысында жер телімі бар болса еркін серуендеп жүрген иттерді қоршалған аумақтарда немесе байлауда ұстауға. Учаскеге кірер жерде иттің бар екендігі туралы ескертпе жазба болуы тиіс;
- 6) жануарларды олардың биологиялық қажеттіліктеріне сәйкес ұстауға, оларға адамгершілікпен қарауға, қараусыз, тамақсыз және сусыз қалдырмауға, ұрып-соқпауға, ал ауырып қалған жағдайында - дер кезінде ветеринарлық көмекке жүгінуге.

7. Жануарлар иелері тиіс емес:

- 1) жануарларды балалардың аула алаңдарының, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, мектептердің және оқу орындарының, денсаулық сақтау объектілерінің, спорт алаңдарының, саябақтардың, су қорғандарының аумақтарында және ортақ суға түсетін орындарда серуендетуге;
- 2) жануарларды жалпы қолданыстағы жерлерде: кіре берістерде, саты алаңдарында және шатырларда, жертөлелерде, жатақхана дәліздерінде ұстауға;
- 3) аудан аумағында ит төбелестерін өткізуге;
- 4) өлген жануардың өлексесін лақтырып тастауға немесе өздіктерінен көмуге.

3. Үй жануарлары иесінің құқықтары

8. Кез-келген жануар өз иесінің жеке меншігі болып табылады және заңмен қорғалады.

9. Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, жануарлар иесінен тек оның келісімі арқылы ғана алынады.

10. Иесі итін қысқа қарғыбауға байлап (ірі иттерді - тұмылдырықтап) дүкеннің немесе басқа мекеменің жанына шектеулі уақытқа ғана қалдыруға құқылы.

4. Осы Қағиданы сақтамағаны үшін жануар иесінің жауапкершіліктері

11. Осы Қағиданы бұзғаны үшін жануар иесі Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 311 бабына сәйкес

жауапкершілікке

тартылады.

12. Жануарларға олардың өлуіне немесе жарақат алуына әкеліп соғатындай катігездікпен қарағаны үшін иесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5. Қағиданың сақталуын бақылау

13. Ауданда осы иттер мен мысықтарды ұстау Қағидасын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

мәслихаттың хатшысы

К ү р ш і м *а у д а н д ы қ*
Қ. Әбілмәжінов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК